

Microsoft License Terms

Соңғы жаңартылған күн: желтоқсан 2016 жыл

MICROSOFT БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ КЕЛІСІМІНІҢ ШАРТТАРЫ

WINDOWS ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

ЕГЕР СІЗДІҢ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІҢІЗ (НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТІҢІЗДІҢ НЕГІЗГІ ОРНЫ) АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНДА БОЛСА, МІНДЕТТІ АРБИТРАЖ МӘЛІМДЕМЕСІН ЖӘНЕ КОЛЛЕКТИВТІ ҚУЫНУДАН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ 10-БӨЛІМНЕН ОҚЫҢЫЗ. ОЛ ДАУДЫ ШЕШУГЕ ӘСЕР ЕТЕДІ.

Microsoft жүйесін таңдағаныңыз үшін рақмет!

Windows бағдарламалық құралын алу әдісіне байланысты, бұл (i) сіз және құрылғыны өндіруші немесе құрылғыға бағдарламалық құралды орнатушы немесе (ii) сіз және бағдарламалық құралды сатушыдан алған болсаңыз, Microsoft корпорациясы (немесе тұрғылықты жеріңізге немесе бизнесіңіз болса, бизнесіңіздің негізгі орналасқан жеріне байланысты, оның бір филиалы) арасындағы келісім болып табылады. Microsoft — Microsoft немесе оның бір филиалы шығарған құрылғылар үшін құрылғы өндірушісі, ал егер сіз бағдарламалық құралды тікелей Microsoft ұйымынан алсаңыз, Microsoft сатушы болып табылады.

Бұл келісімде Windows бағдарламалық құралын пайдалану құқықтарыңыз бен пайдалануға болатын жағдайлар туралы айтылған. Сіз бүкіл келісімді, оның ішінде бағдарламалық жасақтамамен бірге берілген қосымша лицензия шарттарын және кез келген сілтемедегі шарттарды қарап шығуыңыз қажет, себебі бұл шарттардың барлығы маңызды және сізге қолданылатын осы келісімді құрайды. (aka.ms/) сілтемесін шолғыш терезесіне қою арқылы байланысты шарттарды қарап шыға аласыз.

Осы келісімді қабылдау немесе бағдарламалық құралды қолдану арқылы сіз осы шарттардың барлығымен келісесіз және 3-бөлімде айтылған құпиялық мәлімдемесіне сәйкес белсендіру және бағдарламалық құралды пайдалану кезінде кейбір ақпаратты беруге рұқсат етесіз. Егер осы шарттарды қабылдасаңыз және орындамасаңыз, сіз бағдарламалық құралды немесе оның мүмкіндіктерін пайдалана алмайсыз. Қайтару саясаты мен сол саясатқа сәйкес төленген соманы немесе несиені қайтару үшін бағдарламалық құралды немесе құрылғыны қайтару туралы білу үшін құрылғыны өндірушіге немесе орнатушыға не болмаса егер бағдарламалық құралды тікелей

сатып алсаңыз, сатушыға хабарласуға болады. Төленген соманы немесе несиені қайтару үшін бағдарламалық құралмен бірге бағдарламалық құрал орнатылған бүкіл құрылғыны қайтаруға міндеттейтін сол саясатты қолдануыңыз қажет.

1. Жалпы ережелер.

а. Қолдану. Бұл келісім құрылғыға алдын ала орнатылған немесе сатушыдан алып, өзіңіз орнатқан Windows бағдарламалық құралына, бағдарламалық құралды (егер болса) алған медиаға, бағдарламалық құралдағы кез келген қаріптерге, белгішелерге, суреттерге немесе дыбыс файлдарына және оларға басқа шарттар қолданылмайынша бағдарламалық құрал үшін Microsoft жаңартуларына, толықтыруларына немесе қызметтеріне де қолданылады. Сондай-ақ, ол Windows жүйесінің бір бөлігіне кіретін және бөлігі болып табылатын пошта, контактілер, музыка және фотосуреттер сияқты функциялармен қамтамасыз ететін Microsoft әзірлеген Windows бағдарламаларына қолданылады. Егер осы келісімде құрылғыңызда жоқ мүмкіндікке немесе қызметке қатысты шарттар болса, сол шарттар қолданылмайды.

б. Қосымша шарттар. Құрылғыңыздың мүмкіндіктеріне, оны конфигурациялау және қолдану жолыңызға байланысты кейбір мүмкіндіктерді, қызметтер мен бағдарламаларды пайдалану үшін қосымша Microsoft және үшінші тарап шарттары қолданылуы мүмкін. Оларды міндетті түрде оқып шығыңыз.

(i) Кейбір Windows бағдарламалары интернеттегі қызметтерге кіру нүктесін немесе сілтемені ұсынады, ал сол қызметтерді пайдалану кейде (aka.ms/msa) веб-сайтындағы Microsoft қызметтер келісімі сияқты жеке шарттар мен құпиялық мәлімдемесі арқылы басқарылады. Осы шарттар мен саясаттарды қызметті пайдалану шарттарынан немесе сәйкес бағдарлама параметрлерінен табуға болады. Қызметтер барлық аймақтарға қолданылмауы мүмкін.

(ii) Microsoft корпорациясы, өндіруші немесе орнатушы қосымша бағдарламаны қосуы мүмкін, ол бөлек лицензия шарттары мен құпиялық саясаттарына бағынады.

(iii) Бағдарламалық жасақтама (aka.ms/adobeflash) веб-сайтындағы Adobe Systems Incorporated шарттарымен лицензияланған Adobe Flash Player бағдарламалық жасақтамасын қамтуы мүмкін. Adobe and Flash — Америка Құрама Штаттарындағы және/немесе басқа елдердегі Adobe Systems Incorporated корпорациясының сауда белгісі немесе тіркелген сауда белгісі.

- (iv) Бағдарламалық жасақтама осы келісім немесе өз шарттары негізінде лицензияланатын үшінші тарап бағдарламаларын қамтуы мүмкін. Егер болса, үшінші тарап бағдарламаларының лицензия шарттары, ескертпелері мен растауларды (aka.ms/thirdpartynotices) веб-сайтынан көруге болады.
- (v) Windows жүйесімен берілген жағдайда, Word, Excel, PowerPoint және OneNote бағдарламаларын бөлек келісім бойынша коммерциялық мақсатқа пайдалану құқығын алғанша, тек жеке, коммерциялық емес мақсатқа пайдалануға болады.

2. Орнату және пайдалану құқықтары.

а. Лицензия. Бағдарламалық жасақтама лицензияланған, бірақ сатылмайды. Осы келісімге сәйкес келісімнің барлық шарттары орындалған жағдайда, біз сізге бағдарламалық жасақтаманың бір данасын орнатуға және құрылғыңызда (лицензияланған құрылғыда) бір уақытта бір адамға пайдалануға рұқсат береміз. Түпнұсқа емес бағдарламалық құралды Microsoft немесе өкілетті көздердегі бағдарламалық құралмен жаңарту бастапқы нұсқаны немесе жаңартылған нұсқаны түпнұсқа етпейді және бұл жағдайда сізге бағдарламалық құралды пайдалану үшін лицензия берілмейді.

б. Құрылғы. Бұл келісімде „құрылғы“ бағдарламалық құралды іске қоса алатын ішкі жад құрылғысы бар бір жабдық жүйесін (физикалық немесе виртуалды) білдіреді. Қатты дискідегі бөлім немесе диск бір құрылғы болып есептеледі.

с. Шектеулер. Өндіруші немесе орнатушы және Microsoft ұйымы осы келісімде тікелей берілмеген (зияткерлік меншік заңдарына сәйкес құқықтар сияқты) барлық құқықтарды өздерінде қалдырады. Мысалы, бұл лицензия төмендегілерді жүзеге асыруға ешқандай құқықтар бермейді:

- (i) бағдарламалық құралдың мүмкіндіктерін бөлек пайдалану немесе виртуалды ету;
- (ii) бағдарламалық құралды жариялау, көшіру (рұқсат етілген сақтық көшірмеден басқа), жалға алу, жалға беру немесе бере тұру;
- (iii) бағдарламалық құралды (осы келісімде рұқсат берілген жағдайда) үшінші тарапқа беру;

- (iv) бағдарламалық құралдағы қандай да бір техникалық шектеулерден айналып өту;
- (v) коммерциялық мақсатта орналастыру үшін бағдарламалық жасақтаманы серверлік бағдарламалық жасақтама ретінде пайдалану, бағдарламалық жасақтаманы желі арқылы бірнеше пайдаланушы қолдана алатындай ету, бағдарламалық жасақтаманы серверге орнатып, пайдаланушыларға оған қашықтан қол жеткізу мүмкіндігін беру немесе бағдарламалық жасақтаманы құрылғыда тек қашықтағы пайдаланушылар қолдану үшін орнату;
- (vi) бағдарламалық құралды кері құрастыру, декомпиляция жасау немесе бөлшектеу немесе соларды орындауға әрекет жасау, үзіндісін алу және (а) қолданыстағы заңмен рұқсат етілген; (ә) бағдарламалық құралда қамтылуы мүмкін ашық компоненттерді пайдалануды реттейтін лицензиялық шарттармен рұқсат етілген; немесе (б) бағдарламалық құралда қамтылуы және оған байланыстырылуы мүмкін GNU Lesser Public License бойынша лицензияланған кез келген кітапханалардың өзгерістерін жөндеуге міндетті алдыңғы шектеу ауқымында ғана; және
- (vii) Интернет негізіндегі мүмкіндіктерді қолданған кезде сол мүмкіндіктерді басқа адамның оны пайдалануына кедергі келтіретіндей етіп немесе рұқсат алуға әрекет ету үшін не болмаса қызметті, деректерді, тіркелгіні не желіні рұқсат етілмеген жолмен пайдалану үшін қолдануға болмайды.

d. Сценарийлерді бірнеше рет пайдалану.

- (i) **Бірнеше нұсқалар.** Бағдарламалық құралды алғанда сізге бірнеше нұсқасы (мысалы, 32 биттік және 64 биттік нұсқалар) беріледі, бір уақытта тек солардың біреуін орнатып, белсендіруге болады.
- (ii) **Бірнеше немесе біріктірілген қосылымдар.** Бірнеше немесе біріктірілген қосылымдар үшін қолданылатын жабдық не болмаса бағдарламалық құрал не болмаса бағдарламалық құралды ашатын немесе пайдаланатын құрылғылардың немесе пайдаланушылардың санын азайту қажетті лицензиялар санын азайтпайды. Пайдаланып отырған бағдарламалық құралдың әр данасы үшін лицензияңыз болса, мұндай жабдықты немесе бағдарламалық құралды пайдалануға болады.
- (iii) **Құрылғы қосылымдары.** Мына бағдарламалық құрал мүмкіндіктерін пайдалану мақсатында лицензияланған құрылғыда орнатылған

бағдарламалық құралды ашу рұқсатын басқа 20-ға дейінгі құрылғыға беруге болады: лицензияланған құрылғыдағы файл қызметтері, басып шығару қызметтері, Интернеттен ақпарат алу қызметтері және Интернетке қосылуды бөлісу мен телефон қызметтері. Құрылғылар арасында деректерді синхрондау үшін лицензияланған құрылғыдағы бағдарламалық құралды ашу рұқсатын бірнеше құрылғыға беруге болады. Дегенмен, бұл бөлім осы басқа құрылғыларда бағдарламалық құралды орнату немесе бағдарламалық құралдың негізгі функциясын (осы бөлімде тізімделгеннен басқасын) пайдалану құқығын береді дегенді білдірмейді.

(iv) **Виртуалды ортада пайдалану.** Бұл лицензия құрылғының физикалық немесе виртуалды болғанына қарамастан, бір құрылғыда пайдалану үшін бағдарламалық құралдың тек бір данасын орнатуға рұқсат береді. Бағдарламалық құралды бірнеше виртуалды құрылғыда пайдаланғыңыз келсе, әрқайсысы үшін бөлек лицензия алу қажет.

(v) **Қашықтан ашу.** Әр 90 күнде бір рет сіз лицензияланған пайдаланушы ретінде лицензияланған құрылғыны физикалық пайдаланатын бір пайдаланушыға тағайындай аласыз. Лицензияланған пайдаланушы қашықтан ашу технологиясы арқылы басқа құрылғыдан лицензияланған құрылғыны аша алады. Басқа уақытта басқа пайдаланушылар қашықтан ашу технологиясы арқылы басқа құрылғыдан лицензияланған құрылғыны, тек сол бағдарламалық құралмен бірдей немесе жоғары шығарылымын іске қосу үшін бөлек лицензияланған құрылғыда аша алады.

(vi) **Қашықтан көмек көрсету.** Бағдарламалық құрал үшін қосымша лицензия алмастан, белсенді сеансты бөлісу үшін қашықтан көмек алу технологиясын пайдалануға болады. Қашықтан көмек алу технологиясы әдетте мәселелерді шешу үшін бір пайдаланушыға басқа пайдаланушының компьютеріне тікелей қосылуға мүмкіндік береді.

е.Сақтық көшірме. Сақтық көшірме жасау мақсатында бағдарламалық жасақтаманың бір көшірмесін жасауға болады және бөлек бағдарламалық жасақтама ретінде алынған болса, төменде 4-бөлімде сипатталғандай бағдарламалық жасақтаманы тасымалдау үшін де сол сақтық көшірмені пайдалануға болады.

3. Құпиялық; Деректерді пайдалануға келісу. Біз үшін сіздің құпиялығыңыз маңызды.

Бағдарламалық құралдың кейбір мүмкіндіктерін пайдаланғанда, олар ақпаратты жібереді немесе қабылдайды. Бұл мүмкіндіктердің көбісін пайдаланушы интерфейсінен ажыратуға болады немесе оларды пайдаланбауды таңдауға болады. Осы келісімді

қабылдау немесе бағдарламалық жасақтаманы қолдану арқылы Microsoft құпиялық мәлімдемесінде (aka.ms/privacy) сипатталғандай және бағдарламалық жасақтама мүмкіндіктерімен байланысты пайдаланушы интерфейсінде сипатталуы мүмкін болғандай Microsoft корпорациясының ақпаратты жинау, пайдалану және жариялау мүмкіндігімен келісесіз.

4. Тасымалдау. Бұл бөлімнің шарттары бағдарламалық жасақтаманы Германиядағы немесе осы веб-сайтта тізімделген кез келген елдегі (aka.ms/transfer) тұтынушы ретінде сатып алған жағдайда қолданылмайды. Мұндай кезде кез келген бағдарламалық жасақтаманың үшінші тарапқа берілуі және пайдалану құқықтары тиісті заңдарға бағынышты болады.

a. Құрылғыға алдын ала орнатылған бағдарламалық құрал. Егер құрылғыға орнатылып қойған бағдарламалық құралды алсаңыз (және құрылғыға орнатылып қойған бағдарламалық құралдан нұсқаны жаңартсаңыз), лицензияны бағдарламалық құралды тікелей басқа пайдаланушы қолдануы үшін тек лицензияланған құрылғымен бірге жіберуге болады. Жібергенде бағдарламалық құрал мен өнім кілтімен қоса түпнұсқалы Windows жапсырмасы (егер құрылғымен берілген болса) болуы тиіс. Кез келген үшінші тарапқа рұқсат етілген жіберу кезеңіне дейін, басқа тарап осы келісімнің бағдарламалық құралды жіберу және пайдалану үшін қолданылатынымен келісуі керек.

b. Бөлек бағдарламалық құрал. Егер бағдарламалық құралды автономды бағдарламалық құрал ретінде сатып алсаңыз (және автономды бағдарламалық құрал ретінде алынған бағдарламалық құралдан нұсқаны жаңартсаңыз), сіз бағдарламалық құралды сізге тиесілі басқа құрылғыға тасымалдауға құқылысыз. Бағдарламалық құралды басқа адамға тиесілі құрылғыға да (i) бағдарламалық құралдың бірінші лицензияланған пайдаланушысы болсаңыз және (ii) жаңа пайдаланушы осы келісімнің шарттарымен келіссе, жіберуге болады. Бағдарламалық құралды жіберу үшін жасауға біз рұқсат еткен сақтық көшірмені немесе бағдарламалық құрал жазылған тасымал құралын пайдалануға болады. Бағдарламалық құралды жаңа құрылғыға жіберген сайын, бағдарламалық құралды алдыңғы құрылғыдан жою қажет. Лицензияны құрылғылармен бөлісу үшін бағдарламалық жасақтаманы тасымалдауға болмайды.

5. Рұқсат етілген бағдарламалық құрал мен белсендіру. Егер сіз тек дұрыс лицензияланған және бағдарламалық құрал түпнұсқалы өнім кілтімен немесе басқа рұқсат етілген әдіспен дұрыс белсендірілген болса, осы бағдарламалық құралды пайдалану құқығыңыз болады. Бағдарламалық құралды пайдаланып отырғанда интернетке қосылсаңыз, бағдарламалық құрал Microsoft немесе оның аффилирленген

тұлғасына автоматты түрде хабарласып, оны басқа құрылғымен байланыстыру үшін іске қосады. Бағдарламалық құралды Интернет немесе телефон арқылы қолмен белсендіруге де болады. Басқа жағдайда, кейбір ақпаратты жіберу әрекеті орындалып, Интернет, телефон және SMS қызметі үшін ақы алуы мүмкін. Белсендіру (немесе құрылғыңыздың компоненттерін өзгерту арқылы орындалған қайта белсендіру) кезінде бағдарламалық құрал орнатылған дананың түпнұсқа емес, дұрыс лицензияланбағанын немесе рұқсат етілмеген өзгертулер қамтитынын анықтауы мүмкін. Егер іске қосылу орындалмаса, бағдарламалық құрал кез келген Microsoft бағдарламалық құралын түпнұсқа Microsoft бағдарламалық құралымен алмастырып, өздігінен түзетуге әрекет етеді. Сондай-ақ, бағдарламалық құралдың дұрыс лицензиясын алу туралы еске салғыштар алуыңыз мүмкін. Сәтті іске қосу бағдарламалық құралдың түпнұсқа екенін немесе дұрыс лицензияланғанын растамайды. Белсендіруді елемеуге немесе айналып өтуге болмайды. Бағдарламалық жасақтаманың түпнұсқа екенін және дұрыс лицензияланған екенін анықтау үшін, (aka.ms/genuine) веб-сайтын қараңыз. Кейбір жаңартуларға қолдау және басқа қызметтер тек түпнұсқалы Microsoft бағдарламалық құралын пайдаланушыларға ұсынылуы мүмкін.

6. Жаңартулар. Бағдарламалық жасақтамажүйе мен бағдарлама жаңартуларын мерзімді түрде тексеріп отырады және оларды сіз үшін жүктеп, орнатады. Жаңартуларды тек Microsoft ұйымынан немесе рұқсат етілген көздерден алуға болады және Microsoft ұйымына сол жаңартуларды ұсыну үшін жүйені жаңарту қажет болуы мүмкін. Келісімді қабылдау арқылы ешқандай ескертусіз осы түрдегі автоматты жаңартуларды алуға келісесіз.

7. Бұрынғы нұсқа құқықтары. Егер өндірушіден немесе орнатушыдан Windows жүйесінің Professional нұсқасы алдын ала орнатылған құрылғы алсаңыз, Windows 8.1 Pro немесе Windows 7 Professional нұсқасын тек (aka.ms/windowslifecycle) веб-сайтында көрсетілгендей Microsoft ертерек нұсқасына қолдау көрсеткенше пайдалануыңызға болады. Бұл келісім бұрынғы нұсқаларды пайдалануға қолданылады. Егер бұрынғы нұсқасында әртүрлі компоненттер болса, бұрынғы нұсқамен келетін келісімдегі сол компоненттерге арналған шарттар сол компоненттерді пайдалануға қолданылады. Не өндіруші немесе орнатушы, не Microsoft ұйымы сізді бұрынғы нұсқалармен қамтамасыз етуге міндетті емес. Ертерек нұсқасын бөлек алуыңыз керек, ол үшін сізден ақы алынады. Кез келген уақытта бұрынғы нұсқаны негізінен қажетті нұсқамен ауыстыруға болады.

8. Географиялық және экспорттық шектеулер. Егер бағдарламалық құралыңыз нақты географиялық аймақта пайдаланумен шектелген болса, бағдарламалық құралды тек сол аймақта белсендіруге болады. Сіз мақсатты жердегі шектеулерді, соңғы пайдаланушыны және соңғы пайдалануды қамтитын бағдарламалық құралға қолданылатын экспорттау

туралы барлық мемлекеттік және халықаралық заңдар мен ережелерді сақтауға тиістісіз. Географиялық және экспорттау шектеулері туралы қосымша ақпаратты алу үшін, (aka.ms/georestrict) және (aka.ms/exporting) веб-сайтынан қараңыз.

9. Қолдау көрсету және төленген соманы қайтару процедуралары.

а. Құрылғыға алдын ала орнатылған бағдарламалық құрал үшін. Жалпы бағдарламалық құрал үшін қолдау сұрақтары бойынша өндірушіге немесе орнатушыға хабарласыңыз. Бағдарламалық құралмен бірге берілген қолдау нөмірін қараңыз. Тікелей Microsoft ұйымынан алынған жаңартулар мен қосымшалар үшін Microsoft ұйымы жеке лицензияланған бағдарламалық жасақтама үшін шектеулі қолдау көрсету қызметтерін (aka.ms/mssupport) веб-сайтында сипатталғандай ұсынуы мүмкін. Егер төленген соманы қайтарғыңыз кесе, оның төленген соманы қайтару саясаттары туралы білу үшін өндірушіге немесе орнатушыға хабарласыңыз. Төленген соманы қайтару үшін бағдарламалық құралмен бірге бағдарламалық құрал орнатылған бүкіл құрылғыны қайтаруға міндеттейтін сол саясаттарды орындауыңыз қажет.

б. Сатушыдан алынған бағдарламалық құрал үшін. Microsoft корпорациясы дұрыс лицензияланған бағдарламалық жасақтамаға (aka.ms/mssupport) сайтында сипатталғандай шектеулі техникалық қолдау көрсетеді. Егер сатушыдан бағдарламалық құралды сатып алған болсаңыз және төленген соманы қайтарып алғыңыз келсе, бағдарламалық құралды алған жерде олай істеу мүмкін болмаса, Microsoft ұйымының төленген соманы қайтару туралы саясаттары бойынша ақпарат алу үшін Microsoft ұйымына хабарласыңыз. Мына (aka.ms/msoffices) веб-сайтын қараңыз немесе Солтүстік Америка елінде тұрып жатсаңыз, (800) MICROSOFT телефон нөмірі бойынша хабарласыңыз немесе (aka.ms/nareturns) веб-сайтын қараңыз.

10. Егер сіз Америка Құрама Штаттарында тұрсаңыз (немесе бизнесіңіз сонда орналасса) міндетті Арбитраж және біріктірілген шағымнан бас тарту.

Біз ешқандай дау туындамайды деп ойлаймыз, егер туындай қалса, сіз және біз оны 60 күн ішінде бейресми түрде шешуге әрекет етуге келісеміз. Егер шеше алмасақ, сіз және біз **Америкалық Арбитраж Ассоциациясы („ААА”) Федералдық Арбитраж Заңы („FAA”) бойынша сот төрағасының немесе сайланып қойылған адамдардың алдында сотта іс қозғамай, дауларды міндетті жеке шешуге келісеміз.** Оның орнына бейтарап арбитр шешім қабылдайды және арбитр шешімі FAA бойынша аппилляцияның шектеулі құқығынан басқа соңғы шешім болып есептеледі. **Топтық шағым түсіру, топтық арбитраждар, сенімді адамның жалпы сипаттағы әрекеттері**

мен өкілеттік қызметіндегі адамның басқа әрекеттері үшін рұқсат берілмейді. Барлық тараптардың келісімінсіз жеке әрекеттер біріктірілмейді. „Біз“, „біздің“ және „бізге“ сөзі Microsoft ұйымын, құрылғы өндірушісін және бағдарламалық құралды орнатушыны білдіреді.

а. Дау IP мекенжайынан басқаның бәрін қамтиды. „Дау“ сөзі мүмкіндігінше кең мағынада қолданылады. Бұған бағдарламалық жасақтамаға, оның бағасына, осы келісімге келісім шарт, кепілдік, құқық бұзушылық, заң немесе ережелер **қамтылған заңды теория бойынша сіз және өндіруші немесе орнатушы, не болмаса сіз бен Microsoft корпорациясы арасындағы шағым немесе келісе алмаушылық жатады (сіздің, сіздің лицензиардың, біздің немесе біздің лицензиардың авторлық құқықтарын мәжбүрлеу немесе дұрыстығына қатысты даулардан басқа.)**

б. Алдымен пошта арқылы Дау туралы ескертпе жіберіңіз. Егер сізде шағым болып, біздің тұтынушыларды қолдау қызметінің өкілдері оны шеше алмаса, ATTN: LEGAL DEPARTMENT деп өндірушіге немесе орнатушыға АҚШ пошта қызметі арқылы Дау туралы ескертпе жіберіңіз. Егер шағымыңыз Microsoft ұйымына болса, келесі мекенжай бойынша хат жолдаңыз: Microsoft Corporation, ATTN: LCA ARBITRATION, One Microsoft Way, Redmond, WA 98052-6399. Аты-жөніңізді, мекенжайыңыз бен байланыс ақпаратыңызды, мәселені және не қалайтыныңызды жазыңыз. Пішімді (aka.ms/disputeform) веб-сайтынан алуға болады. Біз де сізге шағымымыз болса, дәл осылай жасаймыз. 60 күннен кейін дау шешілмесе, сіз немесе біз арбитраждық сотқа жүгінеміз.

с. Ұсақ дау сотын таңдау. Дау туралы ескертпе жіберудің орнына, егер сот талаптарына сай келсе, тұрғылықты жеріңіздегі немесе егер Microsoft ұйымына шағымдансаңыз, бизнес орналасқан – King County, Washington USA ұсақ дау сотына біздің үстімізден арыз беруіңізге болады. Біз ұсақ дау сотына бармастан бұрын Дау туралы ескерту жіберіп, бізге дауды шешуге 60 күн уақыт береді деп үміттенеміз.

д. Арбитраж процедурасы. AAA Коммерциялық Арбитраж Ережелеріне сай (немесе жеке тұлға болып, бағдарламалық құралды жеке және үйде қолдансаңыз, немесе дау құны 75 000 АҚШ доллары немесе одан аз болса не болмаса сіз жеке тұлға емессіз не бағдарламалық құралды пайдалану әдістерін, оның Коммерциялық Арбитраж Ережелеріне сай) кез келген арбитражды басқарады. Қосымша мәлімет алу үшін (aka.ms/adr) веб-сайтын қараңыз немесе 1-800-778-7879 телефон нөміріне қоңырау шалыңыз. Арбитражды бастау үшін (aka.ms/arbitration) веб-сайтындағы пішімді AAA поштасына жіберіңіз; көшірмесін өндірушіге немесе

орнатушыға (не болмаса дау Microsoft корпорациясымен болса, Microsoft корпорациясына) жіберіңіз. Дау 25 000 АҚШ долларын немесе одан аз соманы қамтыса, арбитр жақсы себеп табылғанша телефон арқылы хабарласады. Телефонмен хабарласу тұрғылықты жеріңіз (немесе бизнестің орналасқан жері) бойынша не болмаса егер дау Microsoft ұйымымен болса, біздің негізгі бизнес орнымыз — King County, Washington мекенжайы бойынша жүреді. Таңдау өзіңізде. Арбитр сот орындай алатындай жеке өзіңізге бірдей шығындарды тағайындайды. Арбитр жеке шағымыңызды қанағаттандыру үшін тек сізге жеке түсіндірме шарасын немесе соттың тыйым салуын тағайындауы мүмкін.

е.Арбитраж төлемдері мен ақылары.

- (i) **75 000 АҚШ доллары немесе одан аз талап ететін даулар.** Өндіруші немесе орнатушы (не болмаса егер дау Microsoft ұйымына қатысты болса, Microsoft ұйымы) тіркеу сомасын қайтарады және AAA мен арбитр шығындары мен ақыларын төлейді. Арбитр көрсетпес бұрын жасалған соңғы жазбаша шешім ұсынысын қабылдамасаңыз, дау барлық жағдайда арбитр шешіміне („тағайындау“) жіберіледі және арбитр осы жазбаша ұсыныстан көбірек сома тағайындаса, өндіруші немесе орнатушы (не болмаса дау Microsoft ұйымына қатысты болса, Microsoft ұйымы) келесіні орындайды: (1) 1000 АҚШ долларынан артық тағайындау; (2) егер болса, сенімді қорғаушы ақысын төлеу және (3) кез келген шығындарды (шағымыңызды зерттеу, дайындау және арбитражға шағым түсіру үшін қорғаушы есебіне жолдаған сарапшы куәларының ақыларын қоса) қайтару. Арбитр сіз бен біз оған келіскенше, соманы анықтайды.
- (ii) **75 000 АҚШ долларынан артық талап ететін даулар.** AAA ережелері тіркеу алымының төлемін және AAA мен арбитр ақылары мен шығындарын басқарады.
- (iii) **Кез келген соманы талап ететін даулар.** Егер арбитраж сотын бастасаңыз, арбитр арбитражды болмашы нәрсе немесе лайықсыз деп таппайынша, біз AAA немесе арбитр ақылары мен шығындарын не болмаса біз қайтарған тіркеу алымын төлеуді талап етпейміз. Егер арбитражды біз бастасақ, барлық тіркеу, AAA және арбитр ақылары мен шығындарын төлейміз. Кез келген арбитраж сотында біздің қорғаушы ақыларын немесе шығындарын талап етпейміз. Даудың қаншалықты әсер еткенін анықтағанда ақылар мен шығындар есептелмейді.

f. Бір жыл ішінде тіркелу. Сіз және біз алғаш рет дау шыққанда бір жыл ішінде кішігірім шағым сотына немесе төрелік сотқа шағым немесе дау бойынша (авторлық құқық дауларынан басқа жағдайда, 10.а бөлімін қараңыз) тіркелуіміз қажет. Әйтпесе, ол түпкілікті тоқтатылады.

g. Бөліктердің жарамсыздығы. Егер біріктірілген шағымнан бас тарту даудың кейбір бөліктері немесе барлығы бойынша заңсыз немесе мәжбүрлеп орындалғаны анықталса, сол бөліктері арбитраждық сотқа жіберілмейді, бірақ сотта және жартылай арбитражда жалғасуы мүмкін. Егер 10-бөлімдегі басқа шарттардың заңсыз немесе мәжбүрлеп орындалғаны анықталса, сол бөлігі алып тасталады да, 10-бөлімнің қалғаны қолданыла береді.

h. AAA заңдарымен қайшылық. Егер AAA Коммерциялық Арбитраж Заңдарымен немесе Тұтынушылар Арбитражы Заңдарымен қайшылық туындаса, осы келісім бойынша анықталады.

i. Microsoft тарап немесе үшінші тарап бенефициары. Егер Microsoft құрылғы өндірушісі болса немесе сіз бағдарламалық құралды сатушыдан алсаңыз, Microsoft осы келісім қатысушысы болады. Әйтпесе, Microsoft бейресми талқылау мен арбитраж арқылы дауларды шешу үшін тарап емес, өндірушімен немесе орнатушымен келісім жасаған үшінші тарап бенефициары болып табылады.

11. Реттеуші заң. Тұрған мемлекетіңіздегі немесе еліңіздегі (бизнесіңіз орналасқан жердегі) заңдар бағдарламалық құралға, оның құнына немесе осы келісімге, оның ішінде келісім шартты үзу бойынша шағымдар, мемлекеттің тұтынушыларды қорғау заңдарына, жосықсыз бәсекеге қарсы заңнамаға, міндетті кепілдікке қатысты заңдарға, заңсыз байыту үшін және нәтижесінде құқық бұзушылыққа апаратын әрекетке, заң негіздеріне қайшылық болғанын қарамастан шағымдар мен дауларды реттейді. Америка Құрама Штаттарында FAA төрелік етуге қатысты барлық ережелерді реттейді.

12. Тұтынушы құқықтары, Аймақтық вариациялар. Бұл келісімде белгілі бір заңды құқықтар айтылған. Сізде мемлекетіңіздің немесе еліңіздің заңы бойынша басқа құқықтар, соның ішінде тұтынушыларды қорғау құқықтары болуы мүмкін. Сонымен қатар, бағдарламалық жасақтама алынған тарапқа қатысты құқықтарыңыздың болуы мүмкін. Егер мемлекетіңіздің немесе еліңіздің заңдары сол басқа құқықтарыңызды өзгертуге рұқсат бермесе, бұл келісім оларды өзгертпейді. Мысалы, бағдарламалық құралды төмендегі аймақтардың бірінен алсаңыз немесе міндетті ел заңдары қолданылса, онда келесі шарттар сіз үшін қолданылады:

a. Австралия. „Шектелген кепілдік“ сілтемелері Microsoft не болмаса өндіруші не орнатушы ұсынған тікелей кепілдік сілтемелері болып табылады. Бұл кепілдік Австралияның Тұтынушылар құқығын қорғау заңына байланысты белгіленген кепілдіктерге сәйкес құқықтарыңыз бен шараларыңызды қоса заңға сай иеленетін басқа құқықтарыңызға және шараларға қосымша ретінде беріледі.

Бұл бөлімдегі „тауарлар“ Microsoft не болмаса өндіруші не орнатушы тікелей кепілдік беретін бағдарламалық құралға қатысты болады. Біздің тауарларымыз үшін Австралияның Тұтынушылар құқығын қорғау заңына сәйкес алып тасталынбайтын кепілдіктер беріледі. Сізге өрескел ақаулықтар үшін алмастырып беру немесе төленген соманы қайтару және басқа негізді алдын ала болжанған шығын немесе зақым үшін өтемақы алу құқығы беріледі. Сондай-ақ, сізге тауарлардың сапасы жарамды болмаса және мәселе өрескел деп есептелмесе, оларды жөндеу немесе алмастыртып алу құқығы беріледі.

b. Канада. Интернетке кіру мүмкіндігін ажыратып құрылғыда жаңартуларды алуды тоқтатуға болады. Интернетке қайта қоссаңыз немесе қосылғанда, бағдарламалық құрал жаңартуларды іздеп, орнатуды жалғастыра береді.

c. Еуропалық Одақ. Төменгі 13.d(i) бөлімдегі оқу кезінде пайдалану шектеулері мына сайтта тізімделген юрисдикциялар үшін қолданылмайды: (aka.ms/academicuse).

d. Германия мен Австрия.

(i) **Кепілдік.** Жеке лицензияланған бағдарламалық құрал көбінесе бағдарламалық құралмен бірге берілетін кез келген Microsoft ұйымының материалдарында сипатталғандай жұмыс істейді. Дегенмен, өндіруші немесе орнатушы және Microsoft лицензияланған бағдарламалық құралға қатысты келісім шарт кепілдігін бермейді.

(ii) **Жауапкершілікті шектеу.** Қасақана істелген әрекет, салақтық, Өнім сапасының жауапкершілігіне қатысты заң негізіндегі шағымдар, өлімге немесе жеке басына қатысты не дене жарақатын алған жағдайда өндіруші немесе орнатушы не болмаса Microsoft тиісті заңға байланысты жауапты болады.

Алдағы сөйлемге қатысты өндіруші немесе орнатушы не болмаса Microsoft тек аздап ұқыпсыздыққа жауапты болады, егер өндіруші не орнатушы не болмаса Microsoft сондай материалдың келісім шарт міндеттерін бұзса, оны толтыру осы келісім өнімділігіне байланысты орындалады, оны бұзу осы келісімнің мақсатына қауіп төндіреді және оның үйлесімділігіне тараптың

тұрақты сенуіне болады („негізгі міндеттер” деп аталады). Шамалы салақтықтың басқа жағдайларында өндіруші не орнатушы немесе Microsoft шамалы салақтық үшін жауапты болмайды.

е. Басқа аймақтар. Аймақтық өзгерістердің ағымдағы тізімі үшін (aka.ms/variations) веб-сайтын қараңыз.

13. Қосымша ескертпелер.

а. Желілер, деректер мен Интернетті қолдану. Бағдарламалық құралдың кейбір мүмкіндіктері мен бағдарламалық құрал арқылы алынатын қызметтер үшін құрылғыңызды Интернетке қосу қажет болуы мүмкін. Кіру мен пайдалану үшін (шығындарды қоса) ұялы немесе интернет провайдері келісімінің шарттары қолданылуы мүмкін. Бағдарламалық құралдың кейбір мүмкіндіктері Интернетке тиімді кіруге көмектесуі мүмкін, бірақ бағдарламалық құралдың пайдалану калькуляторы қызмет көрсету провайдерінің өлшемдерінен өзгеше болуы мүмкін. Сіз әрдайым (i) жеке жоспарларыңыз бен келісімдеріңіздің шарттарын және (ii) жалпы/ашық желілерді қоса, желілерді пайдаланудан немесе оған кіруден туындаған кез келген мәселелерді түсініп, орындауға міндеттісіз. Тек осылай жасауға рұқсаттарыңыз болса, бағдарламалық құралды желіге қосылу үшін және сол желілер бойынша кіру ақпаратын бөлісу үшін пайдалануға болады.

б. H.264/AVC және MPEG-4 визуалды стандарттар және VC-1 бейне стандарттары.

Бағдарламалық құралы H.264/MPEG-4 AVC және/немесе VC-1 кодын алу технологиясын қамтуы мүмкін. MPEG LA, L.L.C. мына ескертпелерді талап етеді:

БҰЛ ӨНІМ ТҰТЫНУШЫНЫҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС МАҚСАТҚА ПАЙДАЛАНУ ҮШІН AVC, VC-1 ЖӘНЕ MPEG-4 2-БӨЛІМІНІҢ КӨРІНЕТІН ПАТЕНТТІК ПОРТФЕЛЬ ЛИЦЕНЗИЯЛАРЫ БОЙЫНША (i) ЖОҒАРЫДАҒЫ СТАНДАРТТАРҒА („БЕЙНЕ СТАНДАРТТАР”) СӘЙКЕС БЕЙНЕНІ КОДТАУҒА ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ (ii) ЖЕКЕ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ӘРЕКЕТТЕГІ ТҰТЫНУШЫ КОДТАҒАН ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ОСЫНДАЙ БЕЙНЕМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ЛИЦЕНЗИЯЛАНҒАН БЕЙНЕ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУШІ КОМПАНИЯДАН АЛЫНҒАН AVC, VC-1 ЖӘНЕ MPEG-4 2-БӨЛІМ БЕЙНЕСІН КОДСЫЗДАНДЫРУҒА ЛИЦЕНЗИЯЛАНҒАН. ЛИЦЕНЗИЯ БАСҚА ПАЙДАЛАНУ ҮШІН БЕРІЛМЕЙДІ НЕМЕСЕ БЕРІЛЕТІНІН БІЛДІРМЕЙДІ. ҚОСЫМША АҚПАРАТТЫ MPEG LA, L.L.C. КОМПАНИЯСЫНАН АЛУҒА БОЛАДЫ. (AKA.MS/MPEGLA) ВЕБ-САЙТЫН ҚАРАҢЫЗ.

с.Зиянды бағдарламалардан қорғау. Microsoft құрылғыңызды зиянды бағдарламадан қорғауды қалайды. Егер басқа қорғаны орнатылмаса немесе қолдану мерзімі

аяқталған болса, бағдарламалық құрал зиянды бағдарламадан қорғау жүйесін іске қосады. Осылайша, басқа зиянды бағдарламаларға қарсы бағдарламалық құрал ажыратылады немесе жойылуы мүмкін.

d. Шектеулі құқықтар нұсқалары. Егер алған бағдарламалық құрал нұсқасы арнайы не шектеулі пайдалану үшін белгіленген немесе басқаша көрсетілген болса, онда тек көрсетілгендей пайдалануға болады. Бағдарламалық құралдың осындай нұсқаларын коммерциялық, коммерциялық емес немесе түсімдерді жинақтау әрекеттері үшін пайдалануға болмайды.

(i) **Оқу.** Оқуға пайдалану үшін сатып алған уақытта білім беру мекемесінің оқушысы, оқытушысы немесе қызметкері болу қажет.

(ii) **Бағалау.** Бағалауға (сынауға не көрсетуге) пайдалану үшін бағдарламалық құралды сатуға, тікелей жұмыс ортасында пайдалануға немесе бағалау кезеңінен кейін пайдалануға болмайды. Бұл Келісімге қайшы келетін ешқандай шартқа қарамастан, **бағалау бағдарламалық құралы „СОЛ ҚАЛПЫНДА“ берілген және ешқандай заңға негізделген немесе тікелей айтылған кепілдік (оның ішінде Шектеулі кепілдік) бұл нұсқаларға қолданылмайды.**

(iii) **Сатуға арналмаған.** „Сатуға арналмаған“ сияқты белгісі бар бағдарламалық құралды қайта сатуға рұқсат етілмейді.

(iv) **Алғашқы шығарылым.** Сіз Microsoft қолжетімді етуі мүмкін бағдарламалық құралдың алғашқы, қызметтік, бета немесе басқа сынақ нұсқаларын пайдалануды таңдауға құқылысыз. Сіз бұл келісімнің барлық шарттарын сақтайтын болғандықтан, сіз алғашқы шығарылымдарды бағдарламалық құралдың мерзімі бітетін күнге дейін ғана пайдалануға құқылысыз. Алғашқы шығарылымдар эксперименталдық және сатылатын нұсқадан көп ерекшеленуі мүмкін. Бұл келісімге қайшы келетін ешқандай шартқа қарамастан, **алғашқы шығарылымдар „СОЛ ҚАЛПЫНДА“ берілген және ешқандай заңға негізделген немесе тікелей айтылған кепілдік (оның ішінде Шектеулі кепілдік) бұл нұсқаларға қолданылмайды. Құрылғыңызға алғашқы шығарылымды орнату арқылы құрылғыңыздың кепілдігін жарамсыз етуіңіз немесе ықпал етуіңіз мүмкін және құрылғыңыздың өндірушісінен не желі операторыңыздан көрсетілетін қолдауды алмауыңыз мүмкін.** Microsoft солайша сізге келтірілген зақымға жауапты емес. Microsoft алғашқы шығарылымдарға қолдау көрсетуге құқы жоқ. Егер Microsoft ұйымына алғашқы шығарылым („жіберу“) туралы түсініктеме, ұсыныс немесе басқа да пікір

білдірсеңіз, сіз Microsoft және оның серіктестеріне жіберілгенді кез келген жолмен және кез келген мақсатқа пайдалануға құқық бересіз.

14. Толық Келісім. Бұл келісім (басып шығарылған лицензиялық шарттармен немесе кез келген бағдарламалық қосымшалар, жаңартулар және өндіруші не орнатушы немесе Microsoft ұсынған және сіз пайдаланып отырған қызметтерге қатысты басқа шарттар) және осы келісімде тізімделген веб-сілтемелерді қамтитын шарттар бағдарламалық құралдың және кез келген қосымшалардың, жаңартулардың және қызметтердің (өндіруші не орнатушы не болмаса Microsoft ұйымы осы қосымшалар, жаңартулар немесе қызметтер бойынша басқа шарттар ұсынбаса) толық келісімі болып табылады. Бағдарламалық жасақтама (aka.ms/useterms) веб-сайтына немесе бағдарламалық жасақтамадағы „Параметрлер - Жүйе - Бағдарлама туралы“ тармағына өтіп, іске қосылғаннан кейін осы келісімді қарап шығуға болады. URL мекенжайларын браузер мекенжай жолағына теру арқылы осы келісімдегі сілтемелердің кез келгеніндегі шарттарды да қарап шығуға болады және солай жасауға келісесіз. Кез келген сілтеме берілген шарттарды қоса, бағдарламалық құралды немесе қызметтерді қолданбастан бұрын шарттарды оқып шығуға келісесіз. Бағдарламалық құралды немесе қызметтерді пайдалану арқылы осы келісім мен сілтеме берілген шарттарды қабылдайтыныңызды түсінесіз. Осы келісімде ақпараттық сілтемелер де бар. Ескертпелер мен міндетті шарттарды қамтитын сілтемелер:

- Microsoft құпиялылық туралы мәлімдемесі (aka.ms/privacy)
- Microsoft қызметтер келісімі (aka.ms/msa)
- Adobe Flash Player лицензиясының шарттары (aka.ms/adobeflash)

КЕПІЛДІК БЕРІЛМЕЙДІ

ҚҰРЫЛҒЫҢЫЗДАҒЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА (БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ҚОСА) ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢ РҰҚСАТ ЕТКЕН ЖАҒДАЙДА „СОЛ ҚАЛПЫНДА“ ЛИЦЕНЗИЯЛАНҒАН ЖӘНЕ ОНЫҢ САПАСЫ МЕН ӨНІМДІЛІГІНЕ ҚАТЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ӨЗІҢІЗ КӨТЕРЕСІЗ. ЕГЕР ОНДА АҚАУ БОЛСА, БАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ НЕМЕСЕ ЖӨНДЕУ АҚЫЛАРЫН ӨЗІҢІЗ КӨТЕРЕСІЗ. ҚҰРЫЛҒЫ ӨНДІРУШІСІ ДЕ, MICROSOFT КОРПОРАЦИЯСЫ ДА БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА ҮШІН ШҰҒЫЛ КЕПІЛДІКТЕР, КЕПІЛДЕМЕЛЕР НЕМЕСЕ ШАРТТАР БЕРМЕЙДІ. ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢДАРМЕН РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ЖАҒДАЙДА ӨНДІРУШІ ЖӘНЕ MICROSOFT КОРПОРАЦИЯСЫ САТУҒА ЖАРАМДЫЛЫҚ, САПА, ҚАНДАЙ ДА БІР МАҚСАТҚА СӘЙКЕСТІК ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ

ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ БҰЗЫЛМАУЫ БОЙЫНША БАРЛЫҚ ТҰСПАЛДАНАТЫН КЕПІЛДІКТЕР МЕН ШАРТТАРДЫ БЕРМЕЙДІ. СІЗДЕ БҰЛ ШАРТТАР ӨЗГЕРТЕ АЛМАЙТЫН ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢДАР БОЙЫНША ҚОСЫМША ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ НЕМЕСЕ ЗАҢДА КӨРСЕТІЛГЕН КЕПІЛДІКТЕР БОЛУЫ МҮМКІН.

ЕГЕР ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢДАР КЕПІЛДІКТІ, КЕПІЛДЕМЕНІ НЕМЕСЕ ТІПТІ ОСЫ КЕЛІСІМДЕ ҚОЛДАНЫЛМАСА ДА, ШАРТТЫ МІНДЕТТЕЙДІ, ОНЫҢ ШАРТТАРЫ БІРІНШІ ПАЙДАЛАНУШЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ САТЫП АЛҒАННАН БАСТАП 90 КҮНМЕН ШЕКТЕЛЕДІ. ЕГЕР ӨНДІРУШІ НЕМЕСЕ MICROSOFT ШЕКТЕЛГЕН КЕПІЛДІКТІ, КЕПІЛДЕМЕНІ НЕМЕСЕ ШАРТТАРДЫ БҰЗСА, ӨНДІРУШІ НЕМЕСЕ MICROSOFT ӨЗІНІҢ ТАҢДАУЫ БОЙЫНША (I) БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ ТЕГІН ЖӨНДЕЙДІ НЕ АУЫСТЫРАДЫ НЕМЕСЕ (II) БАР БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА, ТӨЛЕНГЕН ШЫҒЫНДАРДЫҢ ҚҰНЫН ӨТЕУ ҮШІН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ (НЕМЕСЕ ӨЗІНІҢ ТАҢДАУЫ БОЙЫНША БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА ОРНАТЫЛҒАН ҚҰРЫЛҒЫНЫ) ҚАЙТЫП АЛАДЫ. БҰЛ ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢДАРМЕН РҰҚСАТ ЕТІЛЕТІН КЕПІЛДІКТІ, КЕПІЛДЕМЕНІ НЕМЕСЕ ШАРТТАРДЫ БҰЗУДЫҢ ШЕШІМДЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢДАР ТЫЙЫМ САЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА, СІЗДЕ ШЫҒЫНДАРДЫ ТӨЛЕТУГЕ НЕГІЗДЕР БАР БОЛСА, СІЗ ӨНДІРУШІДЕН НЕМЕСЕ MICROSOFT КОРПОРАЦИЯСЫНАН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАҒА ТӨЛЕНГЕН ТІКЕЛЕЙ ШЫҒЫНДАР СОМАСЫН (БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА АҚЫСЫЗ АЛЫНҒАН БОЛСА, ЕҢ КӨБІ 50 АҚШ ДОЛЛАРЫ) ҚАЙТАРУҒА БОЛАДЫ. СІЗ БАСҚА ЕШҚАНДАЙ ЗАҚЫМДАРДЫ НЕМЕСЕ ШЫҒЫНДАРДЫ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ЖОҒАЛҒАН КІРІСТІ ЖӘНЕ ТІКЕЛЕЙ, КЕЗДЕЙСОҚ, АРНАЙЫ, ЖАНАМА НЕМЕСЕ АПАТТЫ ЗАҚЫМДАРДЫ ОСЫ КЕЛІСІМ НЕМЕСЕ ТЕОРИЯ НЕГІЗІНДЕ ҚАЙТАРУҒА ТЫРЫСПАЙСЫЗ ЖӘНЕ БҰЛ ҚҰҚЫҚТАН БАС ТАРТПАЙСЫЗ. ОСЫ ШЕКТЕУЛЕР (I) ОСЫ КЕЛІСІМГЕ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАҒА (ОНЫҢ ІШІНДЕ БАҒДАРЛАМАЛАРҒА), ҚҰРЫЛҒЫҒА, ҚЫЗМЕТТЕРГЕ, ДЕРЕКТЕРДІҢ БҮЛІНУІНЕ НЕМЕСЕ ЖОҒАЛУЫНА, ДЕРЕКТЕРДІ ТАСЫМАЛДАУ НЕМЕСЕ АЛУ ӘРЕКЕТІНІҢ ОРЫНДАЛМАУЫНА, ҮШІНШІ ТАРАПТЫҢ ИНТЕРНЕТ САЙТТАРЫНДАҒЫ НЕМЕСЕ ҮШІНШІ ТАРАП БАҒДАРЛАМАЛАРЫНДАҒЫ МАЗМҰНҒА (ОНЫҢ ІШІНДЕ КОД), ЖӘНЕ (II) КЕЛІСІМ ШАРТТЫҢ, КЕПІЛДІКТІҢ, КЕПІЛДЕМЕНІҢ НЕМЕСЕ ШАРТТЫҢ БҰЗЫЛҒАНЫ ТУРАЛЫ ШАҒЫМДАРҒА; ТІКЕЛЕЙ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ, САЛДЫР-САЛАҚТЫҚҚА НЕМЕСЕ БАСҚА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА; БҰЙРЫҚТЫ НЕМЕСЕ НОРМАТИВТІК ЕРЕЖЕНІ БҰЗУҒА; НЕМЕСЕ ӘДІЛЕТСІЗ БАЮҒА; НЕМЕСЕ БАСҚА ТЕОРИЯ НЕГІЗІНЕ ҚАТЫСТЫНЫҢ БАРЛЫҒЫНА ҚОЛДАНЫЛАДЫ.

ЕГЕР ТҮЗЕТУЛЕР БОЛМАСА (БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА „ҚАЗ ҚАЛПЫНДА“ ЛИЦЕНЗИЯЛАНҒАН), ЖӨНДЕУ, АЛМАСТЫРУ НЕМЕСЕ ТӨЛЕНГЕН СОМАНЫ ҚАЙТАРУ (ЕГЕР ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢ ТАЛАП ЕТСЕ) КЕЗ КЕЛГЕН ШЫҒЫНДАРЫҢЫЗ ТОЛЫҒЫМЕН ӨТЕЛМЕСЕ, ЕГЕР ӨНДІРУШІ, ОРНАТУШЫ НЕМЕСЕ MICROSOFT КОРПОРАЦИЯСЫ ШЫҒЫНДАРДЫҢ ҮҚТИМАЛДЫҒЫН БІЛСЕ НЕМЕСЕ БІЛУІ ТИІС БОЛСА НЕ БОЛМАСА ТҮЗЕТУЛЕР НЕГІЗГІ

МАҚСАТЫ БОЙЫНША ОРЫНДАЛМАСА, ОСЫ КЕЛІСІМДЕГІ ШЫҒЫНДЫ АЛЫП ТАСТАУ МЕН ТҮЗЕТУЛЕР ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ.

Құрылғыңызға кепілдік берілетін-берілмейтінін анықтау үшін құрылғы өндірушісімен тексеріңіз.